"Испат-Кармет" акционерлік қоғамының құрамына кірмейтін Қарағанды облысының көмір өнеркәсібі кәсіпорындарын дағдарыстан шығару жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 20 қыркүйек N 1153

Қарағанды көмір бассейнінің "Долина", "Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы" және "Шерубай-Нұра" шахталарының экологиялық қауіпсіздігін, олардың жұмыс істеуді жалғастыруын қамтамасыз ету мақсатында және "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Долина", "Шерубай-Нұра", сондай-ақ "Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы" "Кировская", "Горбачев атындағы", "Байжанов атындағы" шахталарының құрамынан кен-шахта кешенінің мүліктерін бөлсін және оны жабық тендерде сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.12.20.
N 1575 қаулысымен. Р961575_

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті көмір өндіруші кәсіпорындарды сатудың ерекшеліктерін неғұрлым толық есептеу және барынша тиімді меншік иесін айқындау мақсатында "Долина", "Шерубай-Нұра", " Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы", "Кировская", "Горбачев атындағы", "Байжанов атындағы" шахталардың құрамынан бөлінген мүліктерді сату жөнінде жабық тендер өткізуді Қарағанды облысы бойынша жекешелендіру жөніндегі комитетке тапсырсын. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.12.20.
N 1575 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мемлекеттің мұқтажы үшін көмір сатып алу жөнінде тендер өткізу кезінде жоғарыда аталған жекешелендірілген шахталардың меншік иелеріне көмір сатуға басым құқықтар беру мәселесін қарасын.

1997 жылға көмір сатып алу жөніндегі тендер 1996 жылдың 15 қарашасына дейінгі мерзімде өткізілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г. Штойкке жүктелсін.

Осы қаулының орындалу барысы туралы 1996 жылдың 1 қарашасына дейін мәлімдесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК